

Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата туру, қайта бастау және тоқтату қағидаларын, Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына қойылатын талаптарды және сақтандыру үйымының жасалатын зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есебінің қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 98 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2024 жылғы 3 қантарда № 33876 болып тіркелді.

"Қызыметкер еңбек (қызыметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндепті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-1-бабының 4 және 5-тармақтарына және 23-2-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мына:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата туру, қайта бастау және тоқтату қағидалары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына қойылатын талаптарды және сақтандыру үйымының жасалатын зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейі;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есебінің қағидалары бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы

M. Абылқасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2023 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 98 Қаулыға
1-қосымша

Зейнетакы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы зейнетакы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-2-бабының 7-тармағына сәйкес өзірленді және зейнетакы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты (бұдан әрі – зейнетакы алдындағы аннуитет шарты) бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай үғымдар пайдаланылады:

1) "Е-макет" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" ААЖ)
– "Зейнетакы төлемдерін және жәрдемақыларды электрондық тағайындау" автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

2) "Электрондық еңбек биржасы" ақпараттық порталы – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) сәйкес жұмыс

іздеуді және қызметкерлерді іріктеуге жәрдемдесуді, жұмыспен қамту саласында электрондық және проактивті форматта қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін ізденушілер мен жұмыс берушілер үшін жұмыспен қамтудың бірынғай цифрлық платформасы болып табылатын ақпараттандыру объектісі.

3. Сақтандыру ұйымы мен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі – еңбек жөніндегі уәкілетті орган) ақпараттық жүйесі арасында зейнетақы алдындағы аннуитет шарттарды жасасу және орындау кезінде ақпарат алмасу сақтандыру жөніндегі бірынғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арқылы жүзеге асырылады.

2-тaraу. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру қағидалары

4. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдері (бұдан әрі – сақтандыру төлемі) Әлеуметтік кодекстің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлерге (бұдан әрі – қызметкер, алушы) зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасу арқылы жүзеге асырылады.

5. Жұмыс беруші (сақтанушы) еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне еңбек шартының токтатылуы не еңбек шарты талаптарының өзгеруі туралы ақпарат енгізілгеннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қызметкердің пайдасына сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтінішпен сақтандыру ұйымына жүгінеді.

Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтінішті жұмыс беруші (сақтанушы) өтініштің берілген күні жұмыс берушіде (сақтанушыда) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты қолданыста бар сақтандыру ұйымына береді.

Жұмыс берушіде қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың 2 (екі) және одан да көп шарты өтініш берген күні қолданыста болған жағдайда жұмыс беруші (сақтандырушы) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы өтінішпен өз тандауы бойынша бір сақтандыру ұйымына жүгінеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтінішті алғаннан кейін және еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен қызметкердің сақтандыру төлемін алу талаптарына сәйкестігі туралы хабарлама болған кезде сақтандыру ұйымы мен жұмыс беруші (сақтанушы) арасында қызметкердің пайдасына зейнетақы алдындағы аннуитет шарты жасалады.

Еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен хабарлама қызметкердің сақтандыру төлемін алу талаптарына сәйкестігі туралы ақпараттан басқа, алушы туралы мынадай мәліметтерді қамтиды: тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған күні, нөмірі, берілген күні, берілген мерзімі және жеке басын куәландыратын құжатты берген орган, жеке сәйкестендіру нөмірі, сондай-ақ резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент), түрғылықты жері және ұялы телефон нөмірі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Сақтандыру ұйымы еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен қызметкердің сақтандыру төлемін алу шарттарына сәйкес келмеуі туралы хабарлама алған кезде сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтініш берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бастарады.

8. Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Сақтандыру төлемдері оны сақтандыру ұйымы "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) міндетті түрде сақтандыру төлемдерінің кезеңін көрсете отырып және сақтандыру төлемдерін алушылардың тізімін қоса бере отырып, аудару жолымен жүзеге асырылады.

Сақтандыру төлемдері Мемлекеттік корпорацияға ай сайын, сақтандыру төлемі жасалатын айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірілмей аударылады.

Мемлекеттік корпорация ақшаны айдың 10 (оныншы) жұмыс күніне дейін алушының шотына аударады.

Мемлекеттік корпорация айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру ұйымына Мемлекеттік корпорацияға түскен сақтандыру төлемдерінің артық есептелген (төленген) сомаларын аударады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Сақтандыру төлемдері сақтандыру ұйымы жұмыс берушіден (сақтанушыдан) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтініш алған күннен бастап және қызметкер Әлеуметтік кодекстің 207-бабында белгіленген зейнетакы жасқа толғанға дейінгі кезең үшін жүзеге асырылады.

Алушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемі қайтыс болған айдың қоса алғанда, алушы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде – кету айын қоса алғанда жүзеге асырылады.

11. Сақтандыру төлемінің ай сайынғы мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің бір шамасын құрайды.

Сақтандыру төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруін ескере отырып жүзеге асырылады.

Бірінші ай үшін сақтандыру төлемі сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтініш алған күннен бастап тиісті аяқталғанға дейін күнтізбелік күндер санына барабар есептелген бір ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшеріне сүйене отырып айқындалады.

Сақтандыру төлемдерін алушылардың тізімін сақтандыру үйімі бірінші айда енбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен әр айдың соңғы жұмыс күніндегі хабарлама негізінде қалыптастырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тaraу. Зейнетакы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін тоқтата туру, қайта бастау және тоқтату тәртібі

12. Сақтандыру төлемдері сақтандыру үйімі келесі мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла турады:

1) сақтандыру төлемдерін алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай шығыс операциялары болмаған жағдайда. Бұл ретте сақтандыру төлемдері тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) сақтандыру төлемдерін алушының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кетуі. Бұл ретте сақтандыру төлемдері Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұруға келген күннен бастап қайта басталады, бірақ тоқтата тұру күнінен ерте емес;

3) шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданыс мерзімі өткеннен кейін. Бұл ретте сақтандыру төлемдері Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат берілген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен ерте емес қайта басталады;

4) сақтандыру төлемдерін алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы растаушы құжаттың немесе адамды хабарсыз жоғалды деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы. Бұл ретте сақтандыру төлемдері хабарсыз жоғалған адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған не адамды хабарсыз жоғалды деп тану жөнінде сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтата тұру күнінен ерте емес қайта басталады.

13. Сақтандыру төлемдері сақтандыру үйімі Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Е-макет" ААЖ-дан алынған мәліметтер негізінде тоқтатыла тұрады және (немесе) қайта басталады.

14. Сақтандыру төлемдерін тоқтата тұру және (немесе) қайта бастау кезінде жұмыс берушіге және қызметкерге "Е-макет" ААЖ-дан "Электрондық еңбек биржасы" ақпараттық порталының жеке кабинетіне сақтандыру төлемдерін тоқтата тұру және (немесе) қайта бастау туралы хабарлама жіберіледі.

15. Сақтандыру төлемдерін тоқтата тұру және (немесе) қайта бастау талаптары Зейнетақы алдындағы аннуитет шартының бөлігі болып табылады. Сақтандыру төлемдерін тоқтата тұру зейнетақы алдындағы аннуитет шартын тоқтатуға әкеп соқпайды.

16. Сақтандыру төлемі мыналар:

- 1) сақтандыру төлемдерін алушының қайтыс болуы;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісі анықталғаны;

3) сақтандыру төлемдерін алушының пайдасына міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу фактісі анықталғаны туралы мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

17. Сақтандыру төлемдері сақтандыру Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Е-макет" ААЖ-дан алынған мәліметтер негізінде тоқтатылады.

18. Сақтандыру төлемдерінің тоқтатылуына себеп болған мән-жайлардың басталуы тиісті зейнетақы алдындағы аннуитет шартының тоқтатылуына әкеп соғады.

Зейнетақы алдындағы
аннуитеттік сақтандыру шарты
бойынша сақтандыру
төлемдерін жүзеге асыру,
тоқтата тұру, қайта бастау және
тоқтату қағидаларына қосымша
Нысан

№	Өлшемдер
1	Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартының нөмірі
2	Төлемге өтініштің нөмірі
3	ЖСН
4	Тегі
5	Аты
6	Әкесінің аты (бар болса)
7	Төлем түрі
8	Төлем мәртебесі (тоқтата тұру/қайта бастау/тоқтату)
9	Қайта бастау (_____. _____. _____. ж. - _____. _____. _____. ж.)
10	Тоқтата тұру немесе қайта бастау немесе тоқтату себебі
11	ЭЦК

Ескерту:

8-жолда мынадай талаптардың бірі көрсетіледі:

сақтандыру төлемдерді тоқтата туру/қайта бастау/тоқтату;

алушының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кетуі;

алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойында шығыс операцияларының болмауы;

алушыны хабарсыз кетті деп тану;

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаты жоқ алушының Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы;

шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын күэландыратын құжаттың қолданыс мерзімінің аяқталуы;

сақтандыру төлемдерін алушының пайдасына міндettі кәсіптік зейнетақы журналарын төлеу;

сақтандыру төлемдерін алушының қайтыс болуы.

Каулыға

2-қосымша

Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына қойылатын талаптар және сақтандыру үйымының жасалатын зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейі

1. Осы Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына қойылатын талаптар және сақтандыру үйымының жасалатын зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейі (бұдан әрі – Талаптар) "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндettterін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндettі сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 23-1-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына (бұдан әрі – зейнетақы алдындағы аннуитет шарты) қойылатын талаптарды және сақтандыру үйымының жасалатын зейнетақы алдындағы аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін айқындайды.

2. Зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жұмыс беруші (сақтанушы) мен сақтандыру үйымы еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін қызметкердің (бұдан әрі – қызметкер) пайдасына қызметкер еңбек (қызметтік) міндettterін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндettі сақтандыру (бұдан әрі – жазатайым оқиғалардан міндettі сақтандыру) шенберінде жазбаша нысанда жасалады.

3. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты қызметкердің дербес деректерді жинауға және өндеуге келісімі болған кезде жасалады.

Сақтандыру үйымы қызметкердің дербес деректерді жинауға және өндеуге келісімін "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының

Заңында (бұдан әрі – Дербес деректер туралы заң) көзделген тәсілдермен ауды қамтамасыз етеді.

Қызметкердің дербес деректерді жинауға және өндеге және (немесе) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен қызметкердің сақтандыру төлемін алу шарттарына сәйкестігі туралы осы қаулының 1-қосымшасымен бекітілген Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидаларының 6-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мәліметтермен хабарламасы болмаған кезде, дербес деректерді жинауға және өндеге келісім ауды сақтандыру ұйымы сақтандыру бойынша бірыңғай дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арқылы Дербес деректер туралы заңға сәйкес дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі арқылы қамтамасыз етеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 825-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәртіппен сақтандыру полисін ресімдеу арқылы сақтандыру ұйымы жұмыс берушіден (сақтанушыдан) зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтініш пен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен қызметкердің сақтандыру төлемін алу талаптарына сәйкестігі туралы хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жасалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасу мерзімі көрсетілген күндердің қайсысы кейінірек келетініне байланысты есептеледі.

Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты сақтандыру ұйымы сақтандыру полисіне қол қойған күннен бастап жасалған болып есептеледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасу үшін жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған кезде сақтанушы зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы мен жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының қалған бөлігі арасындағы айырмаға тең сақтандыру сыйлықақысының сомасын төлейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген оқиға болған кезде зейнетақы алдындағы аннуитет шарты сақтанушыдан сақтандыру ұйымына сақтандыру сыйлықақысы толық мөлшерде түсken күннен бастап күшіне енеді.

6. Жасалған зейнетақы алдындағы аннуитет шарты туралы Талаптарға қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпаратты сақтандыру ұйымы шарт жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесіне жібереді.

7. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) зейнетақы алдындағы аннуитет шартының нөмірі, сериясы;
- 2) сақтандыру ұйымының атауы, орналасқан жері, телефоны және банктік деректемелері;
- 3) сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент) және экономика секторы, тұрғылықты жері (жеке тұлғалар үшін);
- 4) сақтанушының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент), экономика секторының коды, экономикалық қызмет түрі, орналасқан жері, банктік деректемелері (занды тұлғалар үшін);
- 5) сақтандырылуши (пайда алушы) туралы нұсқау (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент) және экономика секторы;
- 6) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган сақтандыру ұйымына берген аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензияны берген күні, сериясы және нөмірі туралы мәліметтер;
- 7) сақтандыру жағдайы туралы мәліметтер;
- 8) сақтандыру объектісін көрсету;
- 9) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, тәртібі және төлеу мерзімі, валюта түрі;
- 10) сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың мөлшері, тәртібі мен мерзімдері, оның ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың басталу және аяқталу күні, сақтандыру төлемдерін тоқтата туру, қайта бастау және тоқтату шарттары, валюта түрі;
- 11) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 12) зейнетақы алдындағы аннуитет шартының қолданылу аумағы;
- 13) зейнетақы алдындағы аннуитет шартының қолданылу мерзімі;
- 14) сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының болуы немесе болмауы туралы нұсқау;
- 15) сақтандыру ұйымының қолы (сақтандыру полисі қағаз нысанда ресімделген жағдайда);
- 16) зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасу күні.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Сақтандыру ұйымының жасалатын Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстары әрбір сақтандыру төлемінің 3 (үш) пайзынан аспайды.

Зейнетакы алдындағы
 аннуитеттік сақтандыру
 шартына койылатын талаптарға
 және сақтандыру ұйымының
 жасалатын зейнетакы
 алдындағы аннуитеттік
 сақтандыру шарттары
 бойынша істі жүргізуге арналған
 шығыстарының жол
 берілетін деңгейіне
 қосымша
 Нысан

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Өлшемдері
1	Қызметкердің ЖСН
2	Қызметкердің аты-жөні
3	Қызметкердің тегі
4	Қызметкердің әкесінің аты (бар болған жағдайда)
5	Туған күні
6	Сақтандыру ұйымының БСН (12 таңба)
7	Сақтандыру ұйымының занды атауы
8	Сақтанушының (жұмыс берушінің) ЖСН/БСН (12 таңба)
9	Сақтанушының (жұмыс берушінің) занды атауы
10	Зейнетакы алдындағы аннуитет шартының №
11	Зейнетакы алдындағы аннуитет шартын жасасу күні
12	Шарт түрі (1-негізгі/2-жаңартылған)
13	Зейнетакы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасы
14	Зейнетакы алдындағы аннуитет шарты бойынша соңғы сақтандыру төлемінің күні
15	Зейнетакы алдындағы аннуитет шарты бойынша соңғы аннуитеттік төлемінің күні
16	Зейнетакы алдындағы аннуитет шартының талаптарын өзгерту түрі (тоқтата тұру/бұзу)
17	Зейнетакы алдындағы аннуитет шартының талаптарын өзгерту күні (_____._____._____. ж. тоқтатылды/_____._____._____. ж. бұзылды)
18	Зейнетакы алдындағы аннуитет шартының талаптары өзгерген жағдайда ескерту (тоқтата тұру/бұзу)

Қаулыға
 3-қосымша

Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есебінің қағидалары

1. Осы Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есебінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты (бұдан әрі – зейнетақы алдындағы аннуитет шарты) бойынша сақтандыру сыйлықақысы есебінің тәртібін айқындайды.

2. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу үшін істі жүргізуге арналған шығыстарды ескере отырып ағымдағы құн факторы пайдаланылады.

3. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеген кезде ұлттық валютадағы жылдық 10 (он) пайыздан аспайтын мөлшердегі кірістіліктің тиімді жылдық пайыздық мөлшерлемесі пайдаланылады.

4. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемінің және Қағидаларға сәйкес есептелген сақтандырылған адамның тиісті жасындағы ағымдағы құн факторының көбейтіндісі ретінде айқындалады.

5. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының есебі халықтың өлім-жітімі туралы деректер, болжамды ең төмен күнкөріс деңгейі және кірістіліктің пайыздық мөлшерлемесінің мөлшері негізінде зейнетақы алдындағы аннуитет шартының талаптары ескеріле отырып жүргізіледі.

6. Ағымдағы құн факторы Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 207 бабында белгіленген зейнетақы жасқа жеткенге дейінгі зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасау күнгі жастан сақтандырылушының өмірінің сонына дейінгі көрсеткіші (көрсеткіштері) сомасының және тиісті дәрежедегі дисконтталушы фактордың көбейтіндісі ретінде анықталады. Дисконтталушы фактор зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін пайдаланылатын кірістіліктің тиімді пайыздық мөлшерлемесі сомасының кері шамасына және 1-ге тең.

7. Сақтандыру үйымы зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша болашақ сақтандыру төлемдерінің ағымдағы құн факторын есептеу кезінде кәсіптік еңбек ету қабілетінен 5 - 29%-ға айырылған адамдар үшін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6156 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 28 қаулысымен бекітілген Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу және аннуитет шарты мен сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол

берілетін деңгейіне қойылатын талаптар туралы қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген өлім-жітім көрсеткіштерін пайдаланады.

8. Зейнетакы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын анықтау кезінде сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру ұйымының актуарийі айқындайтын ағымдағы құн факторында болжамды өзгеріс мөлшеріне әрбір қосылғышты түзету жолымен ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруінің болжамды деңгейі бойынша зейнетакы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін индекстеу ескеріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК